



«Жаксынын аты ошпейді» деседі. Рас екен. Жуырда откен казалылык акын әрі сазгер маркум Батырхан Нұрымбетовті еске алуға арналған аудандык әншілер байқауы коп жайтты ұғындырғандай. Сырга толы, тангы шыктай молдіреген әндерімен тындарманнын конілін баурап, жүрегін жаулаган Батырханды копшілікке таныстырудын озі артык шығар. Копшілік әлі күнге егіле іздейтін, өмірден ерте кеткен әнші Нәби Аймуратов орындаған «Гүлім, гүлім, гүлімсің» деп басталатын әнді кім білмейді дейсіз? Ә дегеннен тындарманын елен еткізген осынау әннің авторы Бәкен болатын. Мұнан озге де каншама әндер жазып, халкынын конілінін нақ торінен орын алған акпейіл де карапайым мінезді Батырханнын жалған гүмүрдан откенініне де жыл толыпты.

Түктібаев атындагы елді мекенде откен байқауға талапкерлердін коп катысуы жұртшылыктын сүйікті сазгеріне деген ыстык ықыласын ангартты. Аталмыш шараға Казакстан авторлык когамынын мүшесі, сазгер Серік Толеуов, әнші, ҚР Мәдениет саласынын үздігі Галя Оспанова, белгілі әнші, ұстаз Анар Әділова тәрізді нағыз өнер майталмандары казылык етті. Бул кешке «Акмаржан» шаруа кожалыгынын торагасы Мұхтар Тәжімуратов, №88 мектеп директоры Куандык Кожалепесов, сазгердін сыныптастарыдемеушілік жасаганын атап кеткен жон. Осынау әсем әуен кокке калыктаган байқауда Әмір Сариев бас жүлдені иеленді. Жөнімпаздар мен жүлдегерлер, өнерімен даралангандар түрлі номинациялар алып, багалы сыйлыктармен марапатталды.

Сазгерді еске алуға арналған шара Р.Багланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Ерте үзілген ән-гүмыр» атты ән кешімен жалғасын тапты. Кеш шымылдығын ашқан аудан әкімінің орынбасары Бакытжан Жарылқап өнер иесінің онегелі жолына тоқталды. Сазгер шығармашылығына арналған «Ерте үзілген ән-гүмыр» атты кітабының түсәукесер рәсімі жасалды.

Сазгерлікпен қатар, ұстаздық жолда да аянбай тер төккен талант жайлы Қазалы ауданының құрметті азаматы, ардагер ұстаз Шарафадин Алтынбаев тебірене әнгімелеп, Алға ауылдық округінің әкімі Абдолла Толемісов, еңбек ардагері Байғабыл Әбсұлтанов өз естеліктерімен болісті.

Аудан өнерпаздары акын, сазгердің әндерін орындады. Олендерін оқып, қорерменнің қошеметіне боленді.

Жумабек □ Табынбаев,

Қазалы □ ауданы